

Юбилейное кен орнын Қазақстан-Француз "Кожемалтын" бірлескен кәсіпорнына пайдалануға беру туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 ақпандағы N 413 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Шетел инвестицияларын Қазақстан тарапына мейлінше тиімді жағдайда тартып, Юбилейное кен орнын игеруді шапшаңдату үшін Қазақстан Республикасының Премьер-министрі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 23 желтоқсандағы N 584 өкімінің Юбилейное кен орны бойынша тендер өткізу бөлігінің күші жойылған деп танылсын.

2. "Кожема" фирмасының N 2 қосымшасындағы өзінің барлық құқын Қазақстан-Француз "Кожемалтын" бірлескен кәсіпорнына беруге міндеттенгені жөніндегі өз ұсыныстарын ескеріп, Юбилейное алтын рудалары кен орнын Француздың "Кожема" фирмасына пайдалануға берсін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Кожемалтын" бірлескен кәсіпорны үшін аталған кен орнын одан әрі барлауға және пайдалануға белгіленген тәртіппен лицензия ресімделсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне Юбилейное алтын рудалары кен орнын пайдалану туралы "Кожемалтын" бірлескен кәсіпорнымен контрактіге үкімет атынан қол қою құқығы берілсін.

5. "Кожема" фирмасы "Кожемалтын" бірлескен кәсіпорнына

толық техникалық-экономикалық негіздеме (бизнес-жоспар) беретіні назарға алынсын және бұл техникалық-экономикалық негіздемені (бизнес-жоспар) "Кожемалтын" бірлескен кәсіпорны мақұлдағаннан кейін "Кожема" фирмасы 48 сағаттың ішінде Қазақстан Республикасының бюджетіне 2 (екі) миллион АҚШ доллары мөлшерінде бонус төлеуге міндеттенеді.

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК